

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының  
сурдопедагогтары мен логопедтеріне арналған  
**«Есту қабілетінің бұзылыстары бар ерте жастағы және мектеп жасына  
дейінгі балаларға кохлеарлық имплантациядан кейін арнайы  
педагогикалық көмек көрсету»**

**ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....
2. Глоссарий.....
3. Бағдарламаның тақырыбы.....
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау.....
9. Курстан кейінгі қолдау .....
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....

## 1. Жалпы ережелер

1. «Есту қабілетінің бұзылыстары бар ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балаларға кохлеарлық имплантациядан кейін арнайы педагогикалық көмек көрсету» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері (бұдан әрі – ППТК) мен оңалту орталықтарының (бұдан әрі – ОО) сурдопедагогтары мен логопедтерін оқытуды реттейді.

2. ППТК және ОО сурдопедагогтары мен логопедтері үшін жеке біліктілікті арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі мыналарға байланысты: біріншіден, бұл ұйымдардың түзету-педагогикалық жұмысының арнайы мектепке дейінгі ұйымдардан айырмашылығы жұмысты топтық емес, жеке-дамыту және басқа оқу жоспары бойынша жүзеге асырады; екіншіден, ППТК және ОО-да кохлеарлық импланты бар балалардың басым болуы. Еліміздегі есту қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған жалғыз балабақша және 10 арнайы топта кохлеарлық импланты бар 45 бала көмек алады; 212 ППТК және 14 ОО-да осы санаттағы 500 бала.

Әлемнің көптеген елдеріндегідей Қазақстанда соңғы жылдары естімейтін балаларды кохлеарлық имплантациялау жөніндегі мемлекеттік бағдарлама белсенді іске асуда, алайда есту-сөйлеу тілін оңалтудың тиімділігі сурдопедагогикалық және логопедиялық жұмыстардың сапасына байланысты. Түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының көптеген мамандары осы санаттағы балалармен жұмыс жасауда кәсіби қиындықтарға тап болуда. Сонымен қатар отандық біліктілікті арттыру жүйесінде кохлеарлық импланты бар балаларға педагогикалық көмек көрсету тақырыбы бойынша курстар ешқашан өткізілмеген. Курстардың әзірленген білім беру бағдарламасы кохлеарлық имплантациядан кейін балаларға көмек көрсетуде арнайы педагогтардың кәсіби жұмысының сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

3. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламасы аумағында есту қабілетінің бұзылыстары бар ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балаларға кохлеарлық имплантациядан кейін арнайы педагогикалық көмек көрсету бойынша ППТК және ОО сурдопедагогтары мен логопедтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

## 2. Глоссарий

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
<b>Инклюзивті білім беру</b>	Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс (Қазақстан Республикасының «Білім туралы»

	заңы); инклюзивті білім беру – кемсітушіліктің барлық түрлерін жоя отырып, әртүрлілік пен әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді құрметтей отырып, барлығына сапалы білім беруге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі (ЮНЕСКО);
<b>Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) адамдар (балалар)</b>	тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);
<b>Ерекше білім беру қажеттіліктері</b>	онсыз сапалы білім алу мүмкін емес оқу-дамыту процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік;
<b>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау</b>	ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;
<b>Білім алуға арнайы жағдайлар</b>	онсыз ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың) білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін емес оқу, сондай-ақ арнайы, жеке-дамыту және түзете-дамыту бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдау ді, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар;
<b>Кохлеарлық импланты бар балалар</b>	есту жүйкесінің талшықтарына электрлік импульстар түрінде дыбыстық ақпарат беру және дыбыстарды қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін электронды құрылғы имплантацияланған есту қабілеті бұзылған балалар;
<b>Есту мен сөйлеу тілін оңалту</b>	сөйлеу тілінің дыбыстарын қабылдау және тану қабілетін қалпына келтіру негізінде сөйлеу тілін дамыту мақсатында медициналық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық шаралар кешені;
<b>Есту қабілеті бұзылған балаларды түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламасы</b>	Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларды тиімді оқытуға қажетті психологиялық-педагогикалық технологияның қағидаттары, әдістері мен әдістемелерінің жүйесі.

Терминдердің өзектілігі олардың арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың соңғы өзгерістеріне сәйкестігіне негізделген.

### 3. Бағдарламаның тақырыбы

4. ППТК және ОО сурдопедагогтары мен логопедтеріне арналған «Есту

қабілетінің бұзылыстары бар ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балаларға кохлеарлық имплантациядан кейін арнайы педагогикалық көмек көрсету» атты біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасының білім беру жүйесінде баламасы жоқ. Бағдарламаның жаңалығы кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларды түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламасының мазмұны алғаш рет баяндалатындығымен байланысты. Бұл бағдарлама алғаш рет әзірленіп отыр және Білім және ғылым министрлігі (2021 ж.) жаңа үлгідегі арнайы білім беру ұйымдары – Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен Оңалту орталықтарында тәжірибеге енгізу үшін ұсынды. Олардың кәсіби қызметін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету қызметін орындайтын арнайы үлгілік бағдарламаларды пайдаланатын арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мамандарынан айырмашылығы ППТК және ОО мамандарында 2022 жылға дейін түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламалары болған жоқ, бұл түзете-педагогикалық жұмыстың сапасына теріс әсер етті.

Біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламасының артықшылығы оны әзірлеушінің (А.К. Ерсарина) ППТК және ОО үшін кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған түзете-дамыта оқытудың арнайы бағдарламасының жетекші авторы-құрастырушысы болып табылатындығында. Біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламасында алғаш рет Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-қолданбалы зерттеулері аумағында автор өзінің ғылыми-тәжірибелік жұмысы нәтижесінде әзірлеген кохлеарлық импланты бар балалармен жеке түзете-дамыту жұмысының технологиясы баяндалады.

5. Бағдарламаның тақырыбы 15 тақырыпты зерттеуді қамтиды.

1-тақырып. Инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. ППТК және ОО қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтары. Білім беруде ерекше қажеттіліктердің түрлері. Білім беру ұйымдарында білім алуда ерекше қажеттіліктерді бағалау.

3-тақырып. Есту қабілеті бұзылыстарының түрлері. Есту қабілетінің жоғалуы бойынша халықаралық жіктеу. Оңалту әдістері: сурдоқұралдармен емдеу, орын толтыру.

4-тақырып. Кохлеарлық имплантация есту қабілетінің ауыр түрдегі бұзылыстары бар балаларды оңалту әдісі ретінде. Қазақстан Республикасындағы кохлеарлық имплантация.

5-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі және психикалық даму ерекшеліктері.

6-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы. Арнайы түзете-

дамыту бағдарламасының мақсаты, міндеттері, қағидаттары мен әдіснамалық негіздері.

7-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының диагностикалық-таныстыру кезеңі. Түзете-дамыта оқыту кезеңін анықтау.

8-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бастапқы кезеңі. Кохлеарлық импланты бар балалармен бастапқы кезеңде түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

9-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бірінші кезеңі. Кохлеарлық импланты бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

10-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының екінші кезеңі. Кохлеарлық импланты бар балалармен екінші кезеңде түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

11-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының үшінші кезеңі. Кохлеарлық импланты бар балалармен үшінші кезеңде түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

12-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының төртінші кезеңі. Кохлеарлық импланты бар балалармен төртінші кезеңде түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

13-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бесінші кезеңі. Кохлеарлық импланты бар балалармен бесінші кезеңде түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдері.

14-тақырып. Есту қабілеті бұзылған балалардың айтылу дағдыларын фонетикалық ырғақ құралдарының көмегімен қалыптастыру және бекіту.

15-тақырып. Кохлеарлық импланты бар балаларды жалпы білім беретін мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

6. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мақсаты – сурдопедагогтар мен логопедтердің Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтары жағдайында есту қабілеті бұзылған балаларға кохлеарлық имплантациядан кейін арнайы педагогикалық көмек көрсету бойынша кәсіби құзыреттілігін дамыту.

7. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушылардың бойында білім беруде ерекше қажеттіліктерді

анықтау және арнайы педагогикалық көмекті атқару бойынша білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарының нормалары мен заңға тәуелді актілері туралы білімді пайдалану икемін қалыптастыру және кәсіби қызметін ұйымдастыру;

2) білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалардың топтары және білім беру қажеттіліктерінің түрлерімен таныстыру және кохлеарлық импланты бар балаларды білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

3) кохлеарлық имплантациядан кейін ерте және мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық даму ерекшеліктерін ашу;

4) сурдопедагогикалық және логопедиялық тексеру, кохлеарлық импланты бар балалардың сөйлеу тілінің дамуын бағалау дағдыларын қалыптастыру;

5) тыңдаушыларды кохлеарлық имплантациядан кейін ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мазмұнымен таныстыру;

6) түзете-дамыта оқыту бағдарламасының барлық кезеңдерінде кохлеарлық импланты бар балаларға арнайы педагогикалық көмек көрсету дағдылары мен икемдерін қалыптастыру.

8. Оқудан күтілетін нәтижелер. Тыңдаушылар:

1) білім беруде ерекше қажеттіліктерін анықтау және арнайы педагогикалық көмек көрсету бойынша өз қызметін ұйымдастыру тәсілдеріне нормативтік-құқықтық негіздеме беруге қабілетті;

2) ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтары мен білім беру қажеттіліктерінің түрлерін ажыратады;

3) кохлеарлық имплантациядан кейін ерте және мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық даму ерекшеліктерін біледі;

4) сурдопедагогикалық және логопедиялық тексеру, кохлеарлық импланты бар балалардың сөйлеу тілінің дамуын бағалау дағдыларын меңгерген, жеке-дамыту бағдарламаларын жасай алады;

5) кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мазмұнын біледі;

6) кохлеарлық импланты бар балаларды түзете-дамыта оқыту бағдарламасының барлық кезеңдерінде арнайы педагогикалық жұмыстың кәсіби дағдыларын меңгереді.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

9. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативтік.

10. Нормативтік-құқықтық модуль:

1-тақырып: Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ,

кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түсіндіру. Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенциясы, 1960; БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, 1989; және т.б. Отандық нормативтік-құқықтық негіздеме: ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (Оқу-ағарту министрлігінің) бұйрықтары: Жалпы білім беретін, арнаулы ұйымдар, психологиялық-педагогикалық түзету және оңалту орталықтары кабинеттері қызметінің үлгілік қағидалары (2022 жылғы 31 тамыздағы № 385); «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары» (2020 жылғы 27 мамырдағы № 223); Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары (2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4), Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидалары (2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының 4-қосымшасы (2016 жылғы 12 тамыздағы № 499); Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы (ҚР БҒМ 2022 жылғы 10 наурыздағы № 18-3/55-И хат).

11. Психологиялық-педагогикалық модуль:

2-тақырып. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар топтары. Бірінші топ: даму мүмкіндіктері шектеулі балалар: есту, көру қабілетінде, зияты, сөйлеу тілі, тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар, психикалық дамуы тежелген, эмоциялық-ерік бұзылыстары және күрделі бұзылыстары бар; жеке психикалық қызметтерінің бұзылыстарына байланысты оқуда қиындықтары бар балалар; мінез-құлығы және эмоциялық мәселелері (аса белсенділік және зейін тапшылығы, аутистік спектрдегі бұзылыстар) бар балалар. Білім беруде ерекше қажеттіліктері қолайсыз – әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени факторларға байланысты пайда болатын балалардың екінші тобы: халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы отбасыларда тәрбиеленетін микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған; жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған (босқындар, мигранттар, қандастар); мүгедектігі бар балалар.

5-тақырып. Ерте және мектепке дейінгі жастағы есту қабілеті бұзылған кохлеарлық имплантациядан кейін балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері. Ерте және мектепке дейінгі шақта есту және есту-сөйлеу тілі арқылы қабылдауы, сөйлеу тілі, ақыл-ой және әлеуметтік-коммуникативтік



дағдыларды дамыту ерекшеліктері. Бастапқы сөйлеу тілі бұзылыстарымен (сенсорлық алалия) бірге кохлеарлық импланты бар балаларға әдетте есту қабілетінің төмендеуі бар балалардың сөйлеу тілінің дамуының ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

Кохлеарлық имплантациядан кейінгі есту қабілеті бұзылған балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері, қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары (аутизмі бар), ауыр түрдегі және бірнеше бұзылыстарымен қатар болуы.

## 12. Мазмұндық модуль:

3-тақырып. Есту қабілеті бұзылыстарының түрлері. Кондуктивті есту қабілетінің төмендеуі: себептері, түзетудің мүмкін болатын әдістері. Сенсоневралды есту қабілетінің төмендеуі: себептері, түзетудің мүмкін болатын жолдары. Аралас есту қабілетінің төмендеуі. Есту қызметінің төмендеу дәрежесі. Есту қабілетінің төмендеуі бойынша халықаралық жіктеу. Аудиометрия – есту қызметін зерттеу әдісі, ойын шегі бар аудиометрия. Еркін дыбыс өрісіндегі аудиометрия. Оңалту әдістері: сурдологиялық техникалық құралдармен емдеу, орын толтыру.

4-тақырып. Кохлеарлық имплантация есту қабілеті нашар балаларды оңалту әдісі ретінде. Әлемдік тәжірибеде кохлеарлық импланттардың жаңа технологияларын қалыптастыру тарихы мен тәжірибесі.

Қазақстан Республикасындағы кохлеарлық имплантация: базалық клиникалар, фирмалар және кохлеарлық имплантация жөніндегі компаниялардың өкілдері. Кохлеарлық имплантация жүргізуге көрсеткілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Балаларды КИ-ге іріктеудің педагогикалық әдістері.

КИ бар балаларды кохлеарлық имплантациядан кейін сурдопедагогикалық тұрғыдан қолдау. КИ бар балаларды сөйлеу тілі тұрғысынан оңалтудың заманауи тәсілдері. Есту-сөйлеу тілі арқылы оңалту кезеңдері: КИ-мен есту және есту-сөйлеу тілі арқылы қабылдауды дамытудың бастапқы кезеңі; КИ-мен есту және есту-сөйлеу тілі арқылы қабылдауды дамытудың негізгі кезеңі; сөйлеу тілі мен өзінің сөзін қабылдауды дамытудың тілдік кезеңі; байланыстыра сөйлеу мен күрделі мәтіндерді түсінуді дамыту кезеңі.

6-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы. Арнайы түзете-дамыту бағдарламасының мақсаты, міндеттері, қағидаттары мен әдіснамалық негіздері.

Жалпы және арнайы мектепке дейінгі педагогиканың (сурдопедагогика және логопедия) қағидаттары, сондай-ақ кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктерін ескеретін балалармен дамыту жұмысының принциптері. Арнайы қағидаттар: сөз арқылы ақпарат алу және оны түсіндіру сапасын арттыру үшін есту арқылы қабылдауды қарқынды дамыту; сөздік негізде қарым-қатынас қажеттілігін қалыптастыру мақсатында сөйлеу тілінің

көмегімен қарым-қатынасты басым түрде дамыту принципі, түрлі әрекеттер мен күнделікті өмірде сөз арқылы қарым-қатынас жасау құралдарын қолдану.

Әзірленген бағдарламаның әдістемелік негіздері ретінде Л.С. Выготский, кеңестік және ресейлік сурдопедагогиканың мәдени-тарихи тұжырымдамасының теориялық ережелері болды (Ф.Ф. Рау, С.А. Зыков, Э.И. Леонгард, Б.Д. Корсунская, Л.А. Головчиц және т.б.); кохлеарлық имплантациядан кейін балалармен дамыту жұмысының заманауи теориялық негіздемелері (И.В. Королева).

Бағдарламаның әдістемелік негіздері: есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 4-қосымша); И.В. Королева, О.В.Сонтова, О.С.Жукованың жұмыстарында баяндалған кохлеарлық имплантациядан кейінгі балалармен дамыту жұмыстарының технологиялары мен әдістері; ерте және мектепке дейінгі жастағы дамуында бұзылыстары бар балаларға көмек көрсетуге арналған заманауи тәсілдер.

15-тақырып. Кохлеарлық импланты бар балаларды жалпы білім беретін мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау. Инклюзивті сыныпта кохлеарлық импланты бар балалар үшін арнайы жағдайлар жасау: - мұғалімнің үстеліне қарама-қарсы бетте бірінші партада отыру; КИ мұғалімге қарай орнатылуы керек; бөлмеде қабырғалар мен еден дыбыс сіңіретін материалдардан болуы қажет; балаға қатты дауыстап және анық сөйлеу, естімеген жағдайда, тағы да қайталау керек; дереу жауап беруді талап етпеу керек. Жауап беруге уақыт беру; есту қабілетінің шамадан тыс жүктелуіне жол бермеу: шаршаған кезде жазбаша тапсырмалар беру керек.

### 13. Технологиялық модуль.

7-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының диагностикалық-таныстыру кезеңі. Диагностикалық-таныстыру жұмыстарының мақсаттары, міндеттері. Даму диагностикасының кезеңдері: 1) баланың проблемаларын ата-анасының бағалауы және баланың отбасының сұранысы; ата-аналармен сауалнама жүргізу («Ауызша сөйлеу тілін қолдану шкаласы»); 2) есту қабілетін сурдопедагогикалық тұрғыдан тексеру: түрлі қаттылығы бар дыбыстарды анықтау, оқшаулау; дыбыстарға шартты-қозғалыс реакциясының қалыптасуы; сөйлеу тілі және тілдік емес дыбыстарды ажырату қабілеті; 3) логопедиялық тексеру: а) сөйлеуді түсіну: түсінбейді, белгілі бір жағдайда және/немесе ым-ишарамен, мимикамен, интонациямен расталған кезде жеке сөздер мен сөз тіркестерін түсіну; жеке сөздер мен қысқа сөз тіркестерін түсінуі; түрлі сөздерді түсінуі: заттар, әрекеттер, белгілер; кейбір грамматикалық формалар мен сөз тіркестерін түсінуі, фразалық және байланыстырып сөйлеуді түсінуі; б) өзінің сөйлеу тілі: артикуляциялық аппараттың құрылымы мен қозғалғыштығы; дыбыстарды айтуы және сөздердің буындық құрылымы; сөздердің фонематикалық айырмашылығы; сөздік қор; грамматикалық құрылым; фразалық және байланыстырып сөйлеу тілі; сөйлеу арқылы қарым-қатынас.

Баланың есту-сөйлеу тілі және психикалық даму деңгейін жалпы бағалау; оның психологиялық (ментальды) және сөйлеу тілі арқылы жасын белгілеу. Түзете-дамыту жұмысының кезеңі, оның негізгі бағыттары, әдістері мен тәсілдерін анықтау, жеке-дамыту бағдарламасын жасау.

8-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бастапқы кезеңі. Бастапқы кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері. Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Бастапқы кезеңде зиятында бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: есту зейіні мен қабылдау дағдыларын дамыту – сөйлеу тіліне тән емес дыбыстарды анықтау, оқшаулау, тану және ажырату; фонематикалық есту қабілеті – сөйлеу тіліне тән дыбыстарды тану және ажырату; дыбыстарға еліктеу және қарапайым сөздер мен өтініштерді тану және ажырату; есту-сөйлеу тілі арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.

9-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бірінші кезеңі. Бірінші кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері. Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Төмендегілерді бағытталған бірінші кезеңде есту қабілеті бұзылған балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: 1) есту-сөйлеу тілі арқылы қабылдау – есту арқылы оқшау фонемалар, буындарды, 1-3 сыныптағы буыннан тұратын сөздерді ажырату және тануды дамыту; 2) сөйлеуді түсіну: жекелеген сөздер мен заттарды, сөзбен берілетін өтініштер, сұрақтар; 3) белсенді сөйлеу тілі: дыбыстар, буындар, сөздердің 1-3 буындық құрылымын; 4) сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынас: қарапайым немесе таныс жағдайда сұқбатты қолдау; 5) есту-сөйлеу тілі арқылы жады; 6) сөйлеу тілі арқылы уәждемесі (сөйлеу тілін тыңдауға қызығушылық пен ұмтылыс, түсіну және сөйлеу).

10-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының екінші кезеңі.

Бастапқы кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері. Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Екінші кезеңде төмендегілерді дамытуға және/немесе қалыптастыруға бағытталған есту қабілеті бұзылған балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: 1) сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынас дағдылары; 2) фонематикалық есту; 3) сөйлеу тілін түсіну: зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, грамматикалық формалардың мағыналары; 4) фразалық сөйлеу тілі; 5) байланыстырып сөйлеу. Белсенді сөйлеу тілін дамыту: 1) 4-5 сыныптағы сөздердің дыбыстық айтылуы мен буындық құрылымын қалыптастыру; 2) сөздікті кеңейту; 3) грамматикалық құрылым; 4) үш-төрт сөзден тұратын сөз тіркестері, қысқа мәтін құрастыру дағдысы. Психикалық қызметтерді дамыту: есту арқылы қабылдау мен зейін, есту-сөйлеу тілі арқылы

есте сақтау, әрекетті сөйлеу тілі арқылы реттеу және есту-сөйлеу тілін бақылау.

11-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының үшінші кезеңі. Бастапқы кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері. Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Төмендегілерге бағытталған үшінші кезеңде есту қабілеті бұзылған балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: 1) сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынас дағдылары; 2) фонематикалық есту қабілеті; 3) сөйлеу тілін түсіну: зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, грамматикалық бірліктердің мағыналары; 4) фразалық сөйлеу тілі; 5) байланыстырып сөйлеу тілі. Белсенді сөйлеуді дамыту: 1) 6-7 сыныптағы сөздердің дыбыстық айтылуы мен буындық құрылымын қалыптастыру; 2) сөздікті кеңейту; 3) грамматикалық құрылым; 4) үш-төрт сөзден тұратын сөз тіркестері, байланысқан мәтін құрастыру дағдысы. Психикалық қызметтерді дамыту: есту арқылы қабылдау мен зейін, есту-сөйлеу тілі арқылы есте сақтау, әрекетті сөйлеу тілі арқылы реттеу және есту-сөйлеу тілін бақылау.

12-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының төртінші кезеңі. Бастапқы кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері. Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Төртінші кезеңде төмендегілерге бағытталған есту қабілеті бұзылған балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: 1) сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынас дағдылары; 2) фонематикалық есту қабілеті; 3) сөйлеу тілін түсіну: зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, грамматикалық формалардың мағыналары; 4) фразалық сөйлеу; 5) байланыстырып сөйлеу тілі. Белсенді сөйлеу тілін дамыту: 1) 8-9 сыныптағы сөздердің дыбыстық айтылуы мен буындық құрылымын қалыптастыру; 2) сөздікті кеңейту; 3) грамматикалық құрылым; 4) үш-төрт сөзден тұратын сөз тіркестерін, үйлесімді мәтін құрастыру дағдысы. Психикалық қызметтерді дамыту: есту арқылы қабылдау мен зейін, есту-сөйлеу тілі арқылы есте сақтау, әрекетті сөйлеу тілі арқылы реттеу және есту-сөйлеу тілін бақылау.

13-тақырып. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының бесінші кезеңі. Бастапқы кезеңдегі педагогикалық жұмыстың мақсаттары, міндеттері. Кезеңде педагогикалық жұмысты жүргізуге қойылатын шарттар, талаптар және әдістемелік нұсқаулар. Бесінші кезеңде төмендегілерге бағытталған есту қабілеті бұзылған балалармен түзете-дамыту жұмыстарының әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы: 1) сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынас дағдылары; 2) фонематикалық есту қабілеті; 3) сөйлеу тілін түсіну: зат есімдер, етістіктер, сын есімдер, грамматикалық формалардың мағыналары; 4) фразалық сөйлеу тілі; 5) байланыстырып сөйлеу тілі. Белсенді сөйлеу тілін дамыту: 1) 8-9 сыныптағы сөздердің дыбыстық айтылуы мен буындық құрылымын қалыптастыру; 2) сөздікті кеңейту; 3) грамматикалық құрылым; 4) үш-төрт сөзден тұратын сөз

тіркестері, үйлесімді мәтін құрастыру дағдысы. Психикалық қызметтерді дамыту: есту арқылы қабылдау мен зейін, есту-сөйлеу тілі арқылы есте сақтау, әрекетті сөйлеу тілі арқылы реттеу және есту-сөйлеу тілін бақылау.

Кохлеарлық имплантациядан кейін қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекеттесу (аутизмі бар), ауыр түрдегі және бірнеше бұзылыстары бар есту қабілеті бұзылған балаларға көмек көрсету әдістері мен тәсілдері.

14. Вариативтік модуль.

14-тақырып. Фонетикалық ырғақ құралдарымен есту қабілеті бұзылған балалардың сөздерді айту дағдыларын қалыптастыру және бекіту. Фонетикалық ырғақ ұғымы. Кохлеарлық импланты бар балаларға сурдопедагогикалық және логопедиялық көмек көрсету кезінде фонетикалық ырғақ жаттығуын өткізудің мақсаты мен міндеттері. Фонетикалық ырғақ жаттығуын өткізуге қойылатын шарттар мен талаптар. Фонетикалық ырғақ жаттығуы мен ойындар, әдістері мен тәсілдері.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

15. Бағдарлама бойынша курстық оқу ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды.

16. Оқыту дәстүрлі аудиториялық (күндізгі) немесе қашықтан (онлайн) оқыту форматында жүзеге асырылады.

17. Білім беру процесі оқытудың интербелсенді формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтық және жұптық практикалық жұмыс, топтардағы тренинг, шеберлік сыныбы, кейс әдісі, мәселелерді бірлесіп шешу.

18. ППТК және ОО сурдопедагогтары мен логопедтерінің бағдарламаның мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: кейіннен талқылау және рефлексиямен топтарда жұмысты кеңінен қолдану; құжаттармен жұмыс; кейіннен ұжымдық жұмысты таныстырумен шағын топтарда теория мен кейс-стадидің негізгі мәселелерін талқылау, педагогтардың топтық жұмысын оқыту қарастырылған.

## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

19. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы;

2) сурдопедагогикалық және логопедиялық тексеру нәтижелерін талдауға арналған үлестірмелі материалдар. Кохлеарлық имплантациядан кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы негізінде жеке-дамыту бағдарламаны жасау процесін көрсететін үлестірмелі материалдар;

3) ППТК және ОО сурдопедагогы, логопедінің қызметін ұйымдастыратын және олардың жұмысының мазмұнын ашатын құжаттама пакеті: ППТК-да түзету сабақтарының жоспары; психологиялық-педагогикалық қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету аумағында және олардың жұмыс

мазмұнын ашатын көмек түрлері: жеке-дамыту бағдарламалары, түзету сабақтарының басында баланың жағдайы (баланың мінездемесі), түзете-дамыту бағдарламасының мазмұны: дамыту жұмысының бағыттары; дамыту жұмысының әдістері, әдістемелері, тәсілдері, құралдары.

4) түзету-дамыту жұмысының әрбір кезеңінде КИ-ден кейін есту қабілеті бұзылған балаларға арналған жеке-дамыту бағдарламаларының үлгілері;

5) тыңдаушылармен кері байланыс парақтары, қорытынды бақылау және өздік жұмыс материалдары. Бағдарламада дербес жұмыстың мынадай түрлері көзделген: баланың сөйлеу тілі мен психикалық даму деңгейі мен ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау (бейнебақылау негізінде), оның түзете-дамыту жұмысының кезеңіне сәйкестігі; жеке-дамыту бағдарламасын жасау; дамыту жұмысының әдістері мен тәсілдерін анықтау. Қорытынды бақылау аралас форматта жүргізіледі: курстың негізгі тақырыптары бойынша жазбаша жауаптармен біріктірілген тест тапсырмалары: кохлеарлық имплантациядан кейін балалармен түзете-дамыту жұмысының әр кезеңінің мақсаты, міндеттері және негізгі мазмұны.

## **8. Оқу нәтижелерін бағалау**

20. Тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыру және білімдерін бағалауды бақылау мақсатында: экспресс-сауалнамалар, өздік жұмыстар, қорытынды бақылау жұмыстары жүргізіледі. Өздік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланыс үшін сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

21. Тыңдаушыларда кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін анықтау, Бағдарлама мазмұнын меңгеру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы бақылау жұмысын (өздік жұмыстар, сауалнама парақтары және т.б.) әзірлейді. Кері байланыс жасау үшін Бағдарламаның әрбір тақырыбы аумағында қорытынды бақылау жұмысы орындалады. Алынған кері байланыс негізінде дәрістер мен практикалық сабақтардың мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша материал (құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, дидактикалық материалдар тізімі, бейне материалдар және т.б.) таңдалады, Бағдарлама мазмұнына қосымша түсіндірулер жүргізіледі.

Қорытынды бақылау жұмысын орындау мынадай критерийлерге сәйкес бағаланады: орындалған жоқ (дұрыс жауаптар ұсынылған жоқ), ішінара орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан аз), орташадан жоғары орындалды (дұрыс жауаптар 50%-дан 70%-ға дейін), толықтай орындалды (дұрыс жауаптар 70-100% аралығында). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін дұрыс жауаптардың кемінде 70% жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі қолдау кезеңінде кеңестер мазмұны жоспарланады.

## **9. Курстан кейінгі қолдау**

22. Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау төмендегідей түрде жүзеге асырылады:

- жеке, топтық консультациялар (оның ішінде бейнеконференция режимінде);
- мәтіндік және бейне-материалдарды пайдалану арқылы әдістемелік және нормативтік-құқықтық қолдау;
- әдістемелік тақырыптық семинарлар (оның ішінде вебинарлар);
- дөңгелек үстелдер.

23. Курстан кейінгі қолдау үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – курсанттардың психологиялық диагностика жүргізу нәтижелерін және Zoom платформасы негізінде баланың сөйлеу тілі және психикалық дамуының ерекшеліктерін талдау және талқылау мақсатында әдістемелік семинар және топтық кеңес беру.

Екінші кезең – Zoom және WhatsApp платформасы негізінде балаға арналған жеке дамыту бағдарламасын құру нәтижелері бойынша жалпы вебинар және жеке кеңес беру.

Үшінші кезең – жеке-дамыту бағдарламасы бойынша түзете-дамыта оқыту нәтижелерін топтық талқылау түріндегі дөңгелек үстел және рефлексивті есеп. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық дамыту көмек көрсетудегі кәсіби құзыреттіліктердің дамуын талдау және бағалау.

## **10. Негізгі әдебиеттер тізімі**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (7.03.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Заңы (2021 жылғы 26 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңы.

4. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 ж. № 121 бұйрығының редакциясында).

5. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12

қаңтардағы № 4 бұйрығы.

6. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

7. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдары, балаларға және ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы (Есту қабілетінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжай-бақшалар мен балабақшалар қызметі тәртібінің 2-параграфының 2-тарауы; Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің; оңалту орталықтары қызметінің тәртібінің 4,5-тараулары).

8. «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына» 2-қосымша.

9. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы. 5-қосымша. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

10. Специальная коррекционно-развивающая программа для детей с нарушениями слуха (кохлеарным имплантом)/Ерсарина А.К., Шолпанкулова Г.М. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2021.

11. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. – Алматы, 2019 ж. – 106-б. [<https://www.special-edu.kz/>электрондық ресурсы].

12. Сурдопедагогика. Жоғары педагогикалық оқу орындарының студ. арналған оқулық/Е.Г.Речицкаяның ред. – М., 2004.

13. Головчиц Л.А. Дошкольная сурдопедагогика. – М., 2001.

14. Королева И.В. Реабилитация детей с кохлеарными имплантами. – СПб., 2004.

15. Королева И.В. Слухоречевая реабилитация глухих детей с кохлеарными имплантами. – СПб., 2006.

16. Королева И.В. Развитие слуха и речи у глухих детей раннего и дошкольного возраста после кохлеарной имплантации: Учебное пособие / И.В. Королева. – СПб: 2008.



17. Королева И.В. Помощь детям с нарушением слуха. Руководство для родителей и специалистов. – СПб, КАРО, 2019. [www.ci-market.ru](http://www.ci-market.ru), [www.karo.spb.ru](http://www.karo.spb.ru).

18. Allen M. C., Nikolopoulos T. P., O'Donoghue G. M. Speech intelligibility in children after cochlear implantation//Am. J. Otology. 1998. Vol. 19. No 6. P. 742-746.

19. Ching T. Y., Hill M., Brew J. et al. The effect of auditory experience on speech perception, localization and functional performance of children who use a cochlear implant and a hearing aid in opposite ears // Int. J. Audiol. 2005. Vol. 44(12). –P. 677-690.

20. Bradley J., Beale T., Graham J., Bell M. Variable long-term outcomes from cochlear implantation in children with hypoplastic auditory nerve // Cochlear implants international. 2008. Vol. 9. No 1. P. 34-62.

21. Зонтова О.В. Коррекционно-педагогическая помощь детям после кохлеарной имплантации: метод. рекомендации. – СПб. РГПУ., 2007.

22. Социально-педагогическая реабилитация детей раннего возраста после кохлеарной имплантации: методические рекомендации/ Ерсарина А.К., Шолпанкулова Г.М., Достай А.К. – Алматы, 2018. ( <http://special-edu.kz/>).

23. Никитина М.И., Красильникова М.А. Чтение и развитие речи: Учебно-метод. пособие. – СПб., 2005.

24. Жукова О.С., Королева И.В. Логопедическая работа с детьми после кохлеарной имплантации//Логопед в детском саду. – 2006, №3. – С. 49-51.

25. Жукова О.С., Королева И.В. К вопросу о взаимодействии сурдопедагога и логопеда в реабилитации глухих детей после кохлеарной имплантации//Два века российской сурдопедагогики: Матер. Всероссийск. конгресс сурдопедагогов. – СПб., 2006.

26. Соколовская Т.А. Особенности речевого развития детей после кохлеарной имплантации//Специальное образование, 2013, №2.

27. Королева И.В. Учусь слушать и говорить играя. Сборник игр для развития слуха и речи у детей с нарушениями слуха и речи. – СПб, КАРО, 2017. [www.ci-market.ru](http://www.ci-market.ru), [www.karo.spb.ru](http://www.karo.spb.ru)

### **Қосымша әдебиеттер тізімі**

28. Специальная педагогика. Учебное пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений/Под ред. Н.М. Назаровой. – М., 2000.

29. Богданова Т.Г. Сурдопсихология. – М., 2004.

30. Королева И.В. Диагностика и коррекция нарушений слуховой функции у детей раннего возраста. – СПб.:КАРО, 2005.

31. Королева И.В. Абилизация детей младшего возраста с кохлеарными имплантами: общее и различия в сравнении с глухими и слабослышащими детьми: Матер. Конгресса «200 лет Российской сурдопедагогики». – СПб, ноябрь, 2006.

32. Королева И.В. Реабилитация глухих детей и взрослых после кохлеарной и стволомозговой имплантации. – СПб, КАРО, 2016 [www.ci-market.ru](http://www.ci-market.ru), [www.karo.spb.ru](http://www.karo.spb.ru) Нет «необучаемых детей»:

33. Система комплексной оценки проблем психосоциального развития детей раннего возраста: Методические рекомендации /сост. А.К. Ерсарина, Р.К. Айтжанова, А.К. Кенжеева, Д.Р. Юлдабаева, А.Н. Токарева. – Алматы 2016 (<http://special-edu.kz/>).

34. Пелымская Т.В., Шматко Н.Д. Формирование устной речи дошкольников с нарушенным слухом. – М.: Изд.центр «ВЛАДОС». – 2003.

35. Зонтова О.В. Пакет дидактических материалов по развитию слухового восприятия детей с нарушенным слухом. Методические рекомендации. – СПб., 2008.